

6D020500 - «Филология (қазақша) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Абдырова Ардак Оразгалиевнаның «Қ.П. Жүсіптің әдеби-сын, ғылыми еңбектері» атты диссертациялық жұмысына
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Абдырова Ардак Оразгалиевнаның «Қ.П. Жүсіптің әдеби-сын, ғылыми зерттеулері» атты жұмысы үш бөлімнен тұрады: «Қ.П. Жүсіптің жазушылық шеберлігі», «Қ.П. Жүсіп және қазақ лирикасының өзекті мәселелері», «Қ.П. Жүсіптің ғылыми еңбектері» деп аталады.

Диссертант А. Абдырова «Қ.П. Жүсіптің жазушылық шеберлігі» деп аталатын бірінші бөлімде белгілі ғалым, әдебиеттанушы Қуандық Пазылұлы Жүсіптің өмірі, қалыптасу жолы мен шығармашылығы, қалдырған мол мұрасы, өміріне қатысты деректерді қарастырған. Қазақ әдебиетінің дамуына сіңірген еңбегі, жазушылық шеберлігі, драматургия саласындағы жетістіктерін жүйелеп, зерттеген. Ғалым Қуандық Пазылұлы Жүсіпті әдеби туындылары арқылы сөз құдіреті мен көркемдік шеберлігін таныта алған. Қаламгердің ерекшелігін, өзіндік даралығын әдеби шығармалары арқылы айқындаған. Қ. Жүсіптің қазақ әдебиетінің алтын қорынан орын алған роман-повестерін, пьесаларын сөз өнерінде ешкімге ұқсамайтын стилін, мәнері мен машығын, өзіндік қолтаңбасын айқындап, көркем шығармалары мен драмалық туындыларына кешенді әдеби талдау жүргізген. Қ. Жүсіптің прозалық шығармалары ретінде «Бір әйелдің өмірі», «Гүл көктем» әңгімелерін, «Армандастар» повесін, «Қыздар, жігіттер» романын идеялық-көркемдік жағынан талдап, жазушының қазақ прозасына қосқан үлесін айқындаған.

Қ. Жүсіптің драмалық шығармаларынан «Ұл мен қыз», «Ой, ертең физика», «Епті жігіт», «Бала дегенді қойсаңшы», «Әпкесі мен інісі» пьесаларын көтерген мәселелері, образдары, ремаркалар, диалог, монологтардың қолданылуы тұрғысында жетістіктерін ашып көрсеткен. «Қ.П. Жүсіп және қазақ лирикасының өзекті мәселелері» атты екінші бөлімде ғалымның қазақ лирикасындағы қаһарман, лирикадағы сюжет пен композиция, қазақ лирикасындағы көркемдік әдіс, стиль және бейнелілік тақырыптарында қазақ әдебиеттануына тың жаңалық, соны ізденіс әкелгенін дәлелдеген.

Қ. Жүсіптің қазақ әдебиетінің даму үрдісіндегі орны мен ұлттық таным мен көркемдік әдістерін сабақтастыра зерттеген. Қ. Жүсіптің әдебиеттану ғылымының мазмұнын байытып, ұлттық болмыс пен көркемдік дүниетанымды тұтастықта қарастырғаны жаңа методологиялық бағдардың қалыптасуына ықпал еткенін дәлелдеген. Ғалымның өзіндік ұстанымдарын айқындап, әдебиеттану саласындағы жетістіктерін көрсетті.

«Қ.П. Жүсіптің ғылыми еңбектері» атты үшінші бөлімде Қ. Жүсіптің поэзиялық, прозалық шығармаларды талдаудағы сыни көзқарастары қарастырылған. Қ.П. Жүсіптің мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған сын зерттеулері, қазақ әдебиетіндегі өзіндік қолтаңбасы, өшпес ізі

айқындалған. Ғалымның әдеби-сын зерттеулерінде көтерілген өзекті мәселелерге, тұжырымды ойларына баса назар аударған. Қазақ лирикасының дамуына қосқан үлесін, ғалымның әр жылдардағы сын-зерттеулерін саралаған.

Әдіскер-ғалым ретінде танылған Қ. Жүсіптің қазақ әдебиетін оқыту мәселелеріне қатысты зерттеулері бүгінде орта және жоғары білім беру жүйесінде қазақ әдебиетін оқытудың теориялық-тәжірибелік негіздерін дамытты. Ғалымның әдебиетті оқыту мәселесіне байланысты жазған еңбектерінде мектепте өлең оқыту, поэмаларды талдау жолдары, проза көркемдігін танытудағы ұсыныстары әдістеме ғылымына қосылған тың зерттеу ретінде атап көрсетілген. Ғалым еңбектерінің қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымындағы маңызын дәлелдеген. Ғалым Қ.П. Жүсіп мұрасын тұңғыш рет ғылыми бағытта зерделеп, бүгінгі көзқарас тұрғысынан бағалап, жаңа қырынан аша білген.

Қ.П. Жүсіптің Мәшһүртанудың незін қалаушы ретіндегі орасан еңбектері қазақ әдебиеттануының табысы ретінде қарастырған. А.Абдырова зерттеуінде ғалымның Мәшһүртану ғылымының қалыптасуына қосқан үлесін, мұраларын жинақтауын, текстологиялық зерттеулерін, көп томдық кітап етіп шығаруын, дереккөздермен жұмыс істеу мәдениетін, мәтіндердегі араб және парсы сөздерін тану, түсіндіру және оларды қалың оқырманға жеткізу жолындағы еңбегін дәлелді пайымдарымен анықтаған. Мәшһүр Жүсіп мұрасын зерттеп, жариялауда, Мәшһүртану ғылымының негізін салудағы ғалымның ерен еңбегін айқындаған.

Диссертацияда ғалым, жазушы Қ.П. Жүсіптің әдеби-сын, ғылыми еңбектерін зерттеуде алға қойылған мақсат, міндеттер жүзеге асырылған. Диссертация тақырыбы мазмұнына сай келеді. Әдебиеттер жеткілікті деңгейде қолданылған.

Абдырова Ардак Оразғалиевнаның «Қ.П. Жүсіптің әдеби-сын, ғылыми еңбектері» атты диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайықты деп есептеймін.

**«Торайғыров университеті» КеАҚ
«Филология және журналистика»
кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының
кандидаты**



Баратова М. Н.

